

АТЫРАУ ӨЛКЕСІНІҢ АТАУЛАРЫ: ТАБИҒАТ ПЕН ТАРИХ ҮНДЕСТІГІ

Абдигалиева Жадыра Аманжанқызы

abdigaliyeva04@mail.ru

«География және тарих пән мұғалімі» білім бағдарламасының 4 курс студенті
Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан
Республикасы

Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы-Карамурзиева.Ж.Ж

Karamurzieva69@mail.ru

Адамзат қашанда өзін қоршаған ортаға атау бермей өмір сүре алмаған. Жер-су атаулары қоғамның, белгілі бір халықтың өмір сүру дағдысына, тұрмыс-тіршілігіне сай пайда болып, уақыт өте келе өзгеріске ұшырайды немесе қайта жаңғырады. Бірақ олардың басты мақсаты – белгілі бір аймақты белгілеу және бағдар беру болып қала береді.

Тіл білімінде жер-су атаулары топонимдер деп аталады. Топоним – бұл табиғи нысандардың (мұхиттар, өзендер, таулар, көлдер) және адам қолымен жасалған объектілердің (қалалар, ауылдар, жолдар) атауы. Топонимдерді зерттейтін ғылым топонимика деп аталады. Бұл сала тарих, география, этнография және лингвистикамен тығыз байланысты, өйткені жер атауларының шығу тегін зерттеу арқылы халықтардың көші-қоны, мәдениеті, тілі жайлы құнды деректер алуға болады.

Әрбір өңірдің топонимиясы географиялық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Топонимдер атқаратын қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: ойконимдер (қала, ауыл атаулары), гидронимдер (өзен-көл атаулары), оронимдер (тау-қырат атаулары). Сондай-ақ, көлеміне байланысты: макротопонимдер (ірі географиялық атаулар – мұхиттар, тау жоталары), мезотопонимдер (орташа көлемдегі атаулар – жеке таулар, теңіздер) және микротопонимдер (ұсақ географиялық нысандар – бұлақтар, құдықтар) деп бөлінеді. [3]

Жер-су атаулары – тек географиялық нысандарды белгілеу құралы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір аймақтың тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі. Оларды зерттеу арқылы халықтардың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі жайлы тың мәліметтер алуға болады. Сондықтан топонимика ғылымы – өткеннің сырын ашатын құнды салалардың бірі. Қазақтың әр сүйем жерінің тарихын еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін білуге тиіс. [4]

Әрбір жердің атауы — сол өлкенің тарихынан, табиғатынан және халқының өмір салтынан хабар береді. Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін жер-су атаулары да кездейсоқ қойылмаған. Солардың бірі — кең байтақ Атырау облысының топонимикасы. Бұл өлкенің әр атына үңілсек, халқымыздың көне дәуірден бері жасап келе жатқан шежіресін, табиғатпен біте қайнасқан өмірін аңғаруға болады.

Қазақ жерінің бір бөлшегі ретінде Атыраудың да тұнған тарихы мен өз орны бар. Өлкеміздегі жер-су атауларының кездейсоқ қоя салынбағаны белгілі. Әр атаудың артында терең сыр мен шежіре жатыр. Тәуелсіздік жағдайында ұлттық болмысымызға сай топонимиканы зерттеу бүгінгі күннің міндеті болмақ. Белгілі географ, этнограф Н.И. Надеждин «Топонимика- Жердің тілі, ал Жер – адамзат тарихы географиялық атаулармен жазылған кітап», -деп топонимдердің маңызын өте жоғары бағалаған.

Ұлттық сананың дамуы, халқымыздың демократиялық үдерістерге қол жеткізуі жер-су атауларының жаңа мазмұнда қалыптасуына ықпал етуде. Қашанда ат қоюға шебер халқымыз атау беруде жүйелі қағиданы ұстанған:

-Жер-су атауларын беруде сол жердің жер-бедері, жан-жануар, өсімдік дүниесі, ауа райын ескерген;

-тарихи оқиғаларды, белгілі тұлғаларды, халық өмірінде елеулі кезеңдерді есте қалдыру, естелік мұра ету көзделген;

-жер, атақоныс- атадан балаға мирас болып қалып отырған амандарға қоныстың (жайлау, қыстау, құдықтың) кімнің иелігінде екенін анықтау мақсат етілген;

-Объектіні тапқан (мәселен, бұлақ, су көзін, пайдалы қазба екенін тапқан) адамдарда, объектіні салғызған, салған (мешіт, медресе, мектеп) адамдар есімін есте қалдыру жағы ойластырылған.

"Атырау" сөзі қазақ тілінде "су айрығы", "су таралатын жер" деген мағынада қолданылады. Расында да, Атырау өңірі — Жайық өзені мен Каспий теңізі тоғысқан аймақ. Сол себепті бұл атау табиғи ерекшелікті сипаттай отырып, жердің географиялық жағдайын дәл көрсетеді. Қазіргі қолданысымыздағы мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көрсетілгендей – «өзеннің теңізге құятын сағасы». Алайда, оның дәл қазіргі мағынасы, алғашқы ұғымынан сәл алшақ. [1]

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде «отруғ» дыбыстық құрамдағы сөздің ежелгі мағынасы қазіргі түсінігіміздегі «арал» дегенге нұсқайды. Осы тұлға мен мағына қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде сақталғандығына да дерек жоқ емес. Қазан татарлары тілінде: «утрау» тұлғалы сөз де «арал» мағынасында қолданылады. [5]

«Отруғ» және «утрау» сөздерінің қазақ тілінде «атырау» болып қалыптасуы да, түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігінің заңдылығынан тысқары кетпейді.

Сондай-ақ, бұрын «арал» мағынасын берген «атырау» - дың «саға» сөзінің ұғымына жармасуында да табиғи заңдылық бар. Қандай өзен болмасын мұхитқа немесе теңізге құйылар жерде арнасы сала-салаға бөлініп, әр саланың арасында кішігірім құрлықтар пайда болады. Міне, осы құрлықтар өзіне ертеден тән атау «атырауды» талап еткендей болады. «Атыраудың» сағамен қосарлана қолданылуының басты себебі осы болуы мүмкін. [1]

Каспий теңізі. Тарихта бұл айдынның 70-тен астам атауы болған. Каспий теңізі туралы ең алғашқы мәліметтер ертедегі грек және рим ғалымдарының еңбектерінде кездеседі. Олар теңізді Каспий және Гиркин деген екі түрлі атпен атады. Б.д.д. VI ғасырда өмір сүрген грек ғалымы Гекатей: «Гиркан аталатын теңіздің айналасында қалың орман қаптаған биік таулар бар», -деп жазды. Бұл жерде грек ғалымының Кавказды меңзейтіні өзінен-өзі түсінікті. Ал теңіздің Гиркан аталуы оның жағалауындағы ертедегі Гиркания елінің атымен байланысты. Гиркания парсы тілінде «қасқырлар жері» деген мағына береді. Екінші бір грек ғалымы Геродот (б.д.д. V ғ.) өз кезі үшін теңіздің дәл мөлшерін айтты. «Каспий теңізі – деп жазды ол, - басқа теңізбен жалғаспайтын, өзінше бөлек, дербес теңіз. Ескекті кемемен жүзгенде оның ұзындығы 15 күндік, ені кең жерінде 8 күндік». Геродот теңіздің шығыс жағын мекендеуші массагет халқы туралы біраз деректер келтірілген. [1]

Орта ғасырлардың басындағы араб географтары Каспийді Хазар теңізі деп атады. Бұл ат теңіздің солтүстік-батыс жағын мекендеген хазар халқына байланысты шыққан.

Ертедегі орыс жылнамаларында Каспий Волганың сағасын мекен еткен хвалын халқына байланысты Хвалын теңізі деген атпен кездеседі.

XVI ғасырда IV Иванның тұсында бүкіл Орыс жерінің картасы «Үлкен Сызба» жарық көрді. Оған қосымша жазбаша сипаттама – «Үлкен Сызба кітабы» жазылды. Осы кітапта Каспий мен Арал теңіздері туралы нақтылы деректер беріліп, олардың ара қашықтықтары да дәл көрсетілген. Кітап бойынша «Хвалын теңізінен Көк теңізге дейін тура күн шығысқа қарай 250 шақырым». XIII ғасырдың екінші жартысында атақты Венеция саяхатшысы Марко Поло Италиядан Қытайға дейін саяхат жасады. Ол

Каспийді Волганың төменгі ағысында орналасқан Алтын Орда хандығының астанасы Сарайдың атымен Сарай теңізі, екінші бір жерінде Баку теңізі деп атады.

XV ғасырда «Үш теңіздің аржағына саяхат» жасаған орыс көпесі Афанасий Никитин Каспий теңізін Волганың төменгі сағасынан оңтүстікке Иранға дейін кесіп өтті. Никитиннің қолжазбаларында ол Дербент теңізі деп аталды. Бұл ат теңіздің батыс жағалауындағы ірі порт Дербент қаласына байланысты алынған.

Каспий әр кезде маңайындағы жерлердің, халықтардың, қалалардың аттарына байланысты Астрахань теңізі, Хорасон теңізі, Апшерон теңізі, Шивран теңізі, Табристан теңізі, Иберий теңізі т.б. аталған. Орта ғасырдағы Батыс Еуропа карталарында теңіз негізінен Каспий деген атпен бейнеленді. Ресейде І Петрдің тұсында Каспийдің тасқа басылған тұңғыш картасы шықты. Осы кезден бастап барлық орыс карталарында теңіз «Каспий» деген атпен жазылды.

«Каспий» атауы тілдік тұрғыдан екі компоненттен тұрады. Біріншісі – б.з.б. VII-IV ғасырларда Каспий теңізінің жағалаулары мен Маңғыстау төңірегінде өмір сүрген, «Кас» тайпасы мен екіншісі – «су, өзен, көл, бұлақ» мағынасын беретін «пий» сөзі. Демек, Каспий теңізі «Кас тайпасына тән көл» мағынасындағы атау деп білеміз. Көптеген еуропалық және отандық зерттеушілер осы «кас» этнонимін «қазақ» сөзінің төркіні ретінде қарастырады. Оның теңіз аталуы суының көлемі мен деңгейінің асуына сай кейінгі дәуірлерде пайда болған.

Жайық – сөзінің төркіні жөнінде пікір жазғандар оны «жайылған», «жайылық», «жайлану», «жайласу» дегендермен туыстырады.

Іздестіре келгенде, бұл сөздің ежелден осы тұлғада қалыптасқанына көзіміз жетеді. Өйткені «Жайықпен» тұлғалас сөзді қазіргі кездегі Алтай төңірегін мекендеген халықтардың тілінен кездестіруге болады. Алтай, аладаг тілдерінде «йайық» қалпында айтылатын сөз, қазақ түсінігіндегі «су тасу, сел, тасқын» дегенмен сәйкес. Осы тілдерде оның «йайық+та» түрі «тасқын су басу» мағынасында қолданылады. «Тасқын» мағынасын беретін сөз чуваш тілінде өте ықшам қалыпта – «яю» болып айтылады. Дәл осы мағыналы сөз сәл ғана дыбыстық өзгерістермен тува тілінде – «дажыг» түрінде кездеседі.

Осы деректерге сүйене отырып, өзеннің «Жайық» аты оның тасыған кездегі көрінісіне байланысты берілген деп қорытынды шығаруға болады. Қорытындымызды В.В.Радлов сөздігіндегі «йайықта» сөзінің «тасқындау, толығу» мағыналарында көрінуі де қостай түседі. [1]

Сағыз өзені – Атырау облысындағы Қызылқоға ауданының солтүстік-шығысындағы ұзындығы – 501 км, шаймасы – 19,4 кмІ. Жем үстіртінің 190 метрлік биіктігіндегі Қызыләділсай мен Дауылды бұлақты жылғалардың қосылған жерінен бастау алады. Иректелген арнасы жақсы тарамдалған, оның ендік қарымы – 20-30 м, ең терең жері – 1-2 м, ең саяз жері – 1-0,5 м, енінің ең тар жері – 10-16 м. Каспий теңізіне 60 км жетпей Тентексорға сіңіп, тартылып қалады. Сағыз атауындағы «сағ» сөзі оғыздардың айрықша әскери термині, басқа түркілердің «оң» сөзінің орнына жүреді, яғни «алдыңғы сап» ұғымын береді. Бұл туралы М.Қашқари да көрсеткен: «ыз» - көптік жалғау деген түсінік береді. Фин-Угор тілінде «Соғ» - «саз, батпақ, шалшық» егер бұл деректер нанымды деп санасақ, «Сағыз» атауы айналасы батпақ, балшық, сөз жағасында бұталар қалың өскен өзен деген мағынаға жуық сияқты. [1]

Ойыл - өзен, ұзындығы – 800 км, бассейн алабы – 31,5 кмІ. Басын Орал тауынан алады да, Каспий жазығындағы Ақтөбе көліне құяды. Негізінен жер суаруға, мал шаруашылығына пайдаланылады. «Ойыл» атауының сыңарындағы «ой» - «ойпаң, ойпат», «ыл» - «ылғал, су» мағынасын білдіреді. Демек, Ойыл – «ой, ойпаң дердегі өзен» мәніне сай. Мұны өзен ағып жатқан жердің, терең сайлардың өзі-ақ дәлелдейді.

Дендер (кейде Индер деп те аталады) – Атырау облысының солтүстігіндегі, Жайық өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан жер-су атауы. «Жер-су» деп анықтап көрсетуімізде де мән бар. Картаға қарасак, дәл осы жерде Индер көлі бар, оның солтүстік жағасы Дендер деп аталатын дөңес. [1]

Қазіргі қазақ тілінен белгілі бір мағынада қолданылатын не «индер», не «дендер» тұлғасындағы сөз кездеспейді. Сондықтан тиісті мағынаға ие боларлық бұл іспеттес сөзді туыс тілдерден іздестіруге тура келеді.

Тува тілінде «дендээр» сөзі біздегі «шамадан тыс», «шектен тыс» мағыналарын иеленсе, монғолдардағы «дэндгэр» - «сорайған» ұғымын білдіреді. «Биік, үстірт» - монғолдарда – «индэр», маньчжурларда – «иэндэн», қалмақтарда- «өндр».

Осы тілдік деректерге сүйене отырып, «Индер» немесе «Дендер» атауларының түпкі мағынасы жер бедеріне, оның ішінде жоталы, қырат, биік орындарға берілетін атау.

Мұқыр - Батыс Қазақстан, Семей, Жезқазған, Атырау облыстары жеріндегі өзендер аты. Бұл өзендердің қай-қайсысы болса да, қысқа. Ең ұзын дегені – 81 шақырым.

Өзен атаулары монғол тобындағы тілдер арқылы пайда болған. Монғол тілінде «мохоо» - доғал, ұшы жоқ, ал «мухар» - «қысқа, мұқыл, тұйық» мағыналарында қолданылады. Өз тілімізде де «мұқыр» сөзі ұшырасады. Демек, бұл монғол, түркі тілдеріне ортақ сөз.

Бұл деректер «Мұқыр» сөзінің қысқа өзен, тұйық жоталарға тән атау екенін байқатады.

Тарих қойнауынан сыр шертетін Атырау облысының әрбір өзен-көлі, тау-төбесі мен елді мекенінің атауы халқымыздың өмірімен тығыз байланысты. Мысалы, облыс арқылы ағып өтетін Жайық өзенінің атауы ежелгі «Яик» сөзінен шыққан деген дерек бар. Халық арасында бұл өзенге байланысты талай аңыз-әңгімелер айтылады. Ал Қиғаш өзенінің аты — оның ирелендеп ағатын табиғи сипатына байланысты қойылған. Тағы бір ерекше атау — Индер. Бұл сөз халық тілінде "тұз көлі" деген мағынада айтылған. Себебі Индер маңында тұзға бай көлдер мен кен орындары орналасқан.

Атырау облысында көптеген елді мекендер атаулары да ерекше. Мысалы, Доссор атауы кей деректерде "Достар" деген сөзден шыққан деседі. Мақат, Құлсары сияқты елді мекендер атауы сол маңда алғаш қоныстанған адамдардың есімімен немесе тарихи оқиғалармен байланысты.

Күнделікті өмірде жиі кездесетін өсімдіктер атаулары сол аймақтың табиғаты туралы мол мағлұмат береді. Мысалы, Миялы, Кемерши, Қоғалы, Қурайлы, Жыңғылды, Шеңгелді, Қаңбақты, Өленді, Қияқты секілді атаулар сол жердің өсімдіктер дүниесімен байланысты. Ал жануарлар мен аң атауларымен байланысты Қоянды, Құланөзек, Ақіңген, Қасқыртүбек, Жыланды, Түлкілі секілді жер атаулары да бар. Бұлардың барлығы өздері орналасқан өңірдің табиғи ерекшеліктері туралы белгілі бір ақпарат береді.

Өзендер мен суларға атау бергенде халқымыз олардың сыртқы келбеті мен ерекшеліктеріне ерекше назар аударған. Мысалы, Жалтыр көлі – су бетінің тегістігін, Көкарна – судың түсін, ал Жарыпшыққан атауы – су ағысының күшін сипаттайды.

Тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – тарихи жер-су атауларын қалпына келтіру. Бұл бағытта біраз жұмыс атқарылды. Мәселен, Атырау қаласы өз атауын қайта алса, Құрманғазы ауданындағы Киров округі – Дәшін, Морской округі – Мақаш, Память Ильича ауылы – Береке, Буровиктер поселкесі – Ақжар, Геолог – Бірлік, Птицефабрика – Ақсай болып өзгертілді.

Әрбір атаудың өзіндік шығу тарихы бар. Өзен, көл, бұлақ, теңіз атаулары (гидронимдер), тау, қырат, асу, жайлау атаулары (оронимдер), елді мекен атаулары (ойконимдер) жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ономастикалық зерттеулер арқылы

белгілі бір өңірдің табиғаты, тарихи оқиғалары, халықтың өмір салты мен таным-түсінігі туралы маңызды мәліметтер алуға болады.

Қазіргі кезде көптеген өркениетті елдер өз аумақтарындағы географиялық атауларды жүйелеуге, тарихи атауларды қалпына келтіруге ерекше көңіл бөлуде. Алайда, Қазақстан бұл тұрғыда дамыған мемлекеттерден біршама артта қалып отыр.

Мысал ретінде басқа елдердің тәжірибесін қарастырайық. АҚШ-та "Географиялық атаулар бюросы", Канадада "Географиялық атаулардың тұрақты комитеті", Германия мен Украинада "Географиялық атаулардың ұлттық комитеттері", ал Англияда "Британия география қоғамының географиялық атаулардың тұрақты комиссиясы" жұмыс істейді. Ресейде бұл мәселені бірден үш құрылым: "Геодезия", "Аэрофототүсіру" және "Картография" бас басқармалары реттейді. Бұл мекемелер географиялық атауларды қадағалап, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету үшін заңды құқықтарға ие.

Ресейде 1997 жылы "Географиялық объектілерді атау туралы" федералды заң қабылданды. Бұл заң бойынша жер-су атауларына қатысты барлық ұсыныстар жергілікті басқару органдары мен арнайы сараптама комиссияларының қарауынан өтіп, тек содан кейін ғана бекітіледі. Осы жүйе арқылы Ресей өз географиялық атауларын сақтап, тарихи мұрасын құрметтеуге мүмкіндік алып отыр.

Осындай заң Қырғызстанда да бар. Ол бойынша жергілікті әкімдіктер ұсынған атаулар Географиялық атаулардың ведомствоаралық комиссиясы мен Ұлттық ғылым академиясының сараптауынан өтіп, кейін Жоғарғы Кеңестің қарауына жіберіледі.

Қазақстанда елді мекендер мен жер-су атаулары XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Осының нәтижесінде көптеген жер атаулары ұлттық сипатынан айырылды. Алексеевка, Петровка, Петропавл, Павлодар сияқты атаулар тарихи атауларды ығыстырып шығарды.

Қазақ халқында тірі адамның есімін жер-су атауы ретінде беру дәстүрі болмаған. Бүгінгі таңда бұл үрдіс заңмен де шектелген. Дегенмен, өкінішке қарай, кейбір жағдайларда көзі тірі адамдардың есімдері елді мекендерге беріліп жатады. Мұндай атаулар тарихта қалуға лайықты, ұлтқа еңбегі сіңген тұлғалардың есімдерімен қойылуы тиіс.

Топонимдердің дұрыс жазылуы туралы да бір ауыз сөз айта кеткен дұрыс. «Жылыой» сөзінің жазылуы туралы жергілікті баспасөзде шыққан мақалаға орай пікірлер жарияланды. Соңында оған ғылыми негізге сүйенген дәйекті жауап беріліп, нүкте қойылды. Облыс топонимиясында жазылмаған парақтар жеткілікті.

Біздің ойымыз- бала бақшада, мектепте, орта және жоғары оқу орындарында жас жеткіншек, студент- ертеңгі маман өз өлкесін біліп өссін дейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожанұлы М. Атырау өңірінің жер-су атаулары. – Нұр-Сұлтан, 2019.
2. Қаженбаев Е. Атырау облысының географиясы. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2006.
3. Топонимика: Монография / Өңделген басылым. – Анкара, 2021.
4. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: Атау.kz, 2015
5. Атырау облысының әдебиеті мен өнері. Уикипедия – ашық энциклопедиясы.
6. Атырау облысының 2025 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі. – 2025.
7. Атырау облысы жер қыртысының геологиялық құрамының басты ерекшелігі